

"Зырян ауданының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен "Зырян ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесін біріктіру жолымен "Зырян ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта құру туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 12 тамыздағы N 2599 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 14 тамызда N 3456 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 428 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 09.12.2016 № 428 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

1994 жылғы 27-желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 45-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы №410 Жарлығына сәйкес, Зырян ауданы мәслихатының 2014 жылғы 26 маусымдағы № 31/6-V шешімімен бекітілген Зырян ауданының басқару тәсімі шеңберінде Зырян ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Зырян ауданының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен "Зырян ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесін біріктіру жолымен "Зырян ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) қайта құрылсын.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Бөлім туралы ереже бекітілсін.

3. Бөлім басшысы Бөлімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін және осы қаулыдан шығатын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Зырян ауданы әкімінің орынбасары О.М.Нұрмұханға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Зырян ауданының әкімі

Е. Сәлімов

Зырян ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 12 тамыздағы
№ 2599 қаулысымен бекітілген

"Зырян ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Зырян ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) Зырян ауданы аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында әрекет ететін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемесі болып табылады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, басқа нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ әрекеттегі Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанында заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауымен мөрі және мөртаңбасы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген үлгіде бланкісі, Қазынашылық бөлімінде шоты бар.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынасқа өз атынан кіріседі.

5. Бөлім заңнамасына сәйкес уәкілетті болса, азаматтық-құқықтық қатынастар жағында мемлекеттің атынан болып шығуға құқығы бар.

6. Бөлім заңнамасымен белгіленген тәртіпте, бөлімнің басшысымен рәсімделген бұйрықтарымен өз құзырет мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды.

7. Бөлім штаттық санының құрылымы мен лимиті әрекеттегі заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, индексі 070804, Зырян ауданы, Зырян қаласы, Совет көшесі, 18.

9. Мемлекеттік мекеменің толық атауы: "Зырян ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекеме.

10. Әрекеттегі Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Зырян ауданының жергілікті бюджетінің қаражатынан жүзеге асырылады.

12. Бөлім міндеттері болып табылатын, міндеттерді атқару мәніне кәсіпкерлік субъектілеріне шартты қатынастарына кіруге болмайды.

13. Бөлімнің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

2. Мемлекеттік органның міндеті, негізгі мақсаттары, қызметтері мен құқықтары

14. Бөлім міндеті: Зырян ауданының аумағында сәулет; қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру.

15. Мақсаттары:

1) толыққанды тіршілік ету ортаны қалыптастыру мақсатына сәулеттік және қала құрылысы шешімдерін әзірлеу мен іске асыру және Зырян ауданы аумағын сәулеттік-қала құрылыстық дамыту мен ағымдағы және болашағы бар әлеуметтік-экономикалық кешенді міндеттерді шешуге бағытталған сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) жаңа және ескі құрылысты жобалау кезінде аудандағы елді мекендердің сәулеттік келбетінің сақталуын ескерумен кешенділікті қамтамасыз ету;

3) жерлерді, табиғи және материалдық ресурстарды тиімді және үнемді пайдалануды, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін қала құрылысының жаңа ұстанымдары мен тәсілдерін енгізу;

4) ауданның елді мекендерінде қоғамдық орталықтар, алаңдар, көшелер, жаяу жүргіншілер аймақтары, тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық кешендердің аяқталған сәулеттік ансамбльдерін құру.

16. Бөлім қызметі:

1) заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілген аудан аумағының қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын), ауданның ауылдық елді мекендерінің бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;

2) мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер береді;

3) аумақта жоспарланып отырған құрылыс салу не өзге де қала құрылысының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыруды қамтамасыз етеді;

4) аудандық маңызы бар құрылыс, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған объектілер құрылысын тоқтатып қою, объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөнінде жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдерді қабылдау бойынша ұсыныстар әзірлейді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен

объектілерді (кешендерді) қабылдау жөніндегі комиссияның құрамын белгілеу және тағайындау, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) тіркеу және есебін жүргізу бойынша ұсыныстар әзірлейді;

6) аудандық маңызы бар тұрғын үй қорын, коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауды және олардың күтіп ұсталуына (қолданылуына, пайдаланылуына) бақылау жүргізуді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар әзірлейді;

7) аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларының жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады және аудандық мәслихаттың бекітуіне ұсыну бойынша ұсыныстар әзірлейді;

8) елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (аумақтық даму схемаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылысы жобаларын іске асырады;

9) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізеді;

10) ведомстволық бағынысты аумақта құрылыс салуға немесе өзге де қала құрылысын игеруге арналған жер учаскелерін таңдау, беру, заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қажеттер үшін алып қою жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

11) бұрыннан бар үйлердің үй-жайларын қайта жоспарлау арқылы реуонструкциялау туралы шешім қабылдау жөнінде ұсыныс әзірлейді;

12) құрылыс үшін жобалауға сәулет-жоспарлау тапсырмасын береді;

13) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 05.05.2015 N 213 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Құқықтар мен міндеттер:

Бөлім:

1) Аудан басшылығының қарауына Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныс енгізуге;

2) Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелерді қарау және бірлесіп орындау үшін ауданның жергілікті атқару органдары бөлімдерінің қызметкерлерін қатыстыруға ;

3) Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіпте кеңестер өткізуге бастама жасауға;

4) басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, ұйымдар мен

оның басшыларынан, азаматтардан өзінің міндеттерін орындауға қажетті ақпаратты Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамасы құзыреттілігі шегінде сұрауға құқылы.

Бөлім:

- 1) Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктеме беруге;
- 2) заңды және жеке тұлғалардың ресми сұрауы болған жағдайда өз құзыретінің шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен ақпараттар беруге;
- 3) Бөлім қызметкерлерінің мемлекеттік әкімшілік қызметшілер этикасын сақтауын қамтамасыз етуге;
- 4) Бөлімнің құзыретіне кіретін өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

19. Бөлім басшысын аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Бөлім басшысының құзыреті:

- 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте Бөлім қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;
- 2) заңнамамен белгіленген тәртіпте Бөлім қызметкерлерін көтермелеуді және тәртіптік жазаға тартуды жүзеге асырады;
- 3) өз құзыреті шегінде бұйрық шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік құжаттамаға қол қояды;
- 4) Бөлім қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
- 5) мемлекеттік органдарда, басқа ұйымдарда Бөлім мүддесін қорғайды;
- 6) Зырян ауданы әкімдігі қаулысымен бекітілген штат санының лимиті мен құрылымы шегінде Бөлімнің штат кестесін бекітеді;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша қажетті шаралар қабылдайды және ол үшін жеке жауапкершілік алады;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құзыретті жүзеге асырады.

Бөлім басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Бөлім заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада және осы Ережеде өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.